

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ
ИНФОРМАЦИОННЫХ И
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION
AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

2023 (13) 1
Қаңтар-наурыз

ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)

БАС РЕДАКТОР:

Хикметов Аскар Кусупбекович — басқарма төрағасы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің ректоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:

Колесникова Катерина Викторовна — техника ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының проректоры (Қазақстан)

ҒАЛЫМ ХАТШЫ:

Ипалакова Мадина Тулегеновна — техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ, Ғылыми-зерттеу жұмыс департаментінің директоры (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Разак Абдул — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры (Қазақстан)

Лучио Томмазо де Паолис — Саленто университетінің (Италия) инновациялар және технологиялық инженерия департаменті AVR зертханасының зерттеу және әзірлеу бөлімінің директоры

Лиз Бэкон — профессор, Абертей университеті вице-канцлердің орынбасары (Ұлыбритания)

Микеле Пагано — PhD, Пиза университетінің профессоры (Италия)

Отелбаев Мухтарбай Отелбаевич — физика-математика ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Рысбайұлы Болатбек — физика-математика ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Дайнеко Евгения Александровна — PhD, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің Жабандық серіктестік және қосымша білім беру жөніндегі проректоры (Қазақстан)

Дузбаев Нуржан Тоқсужаевич — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің Цифрландыру және инновациялар жөніндегі проректоры (Қазақстан)

Синчев Бахтгерей Куспанович — техника ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Сейлова Нұргүл Абдуллаевна — техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Компьютерлік технологиялар және киберқауіпсіздік» факультетінің деканы (Қазақстан)

Мухамедиева Ардақ Габитовна — экономика ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Цифрлық трансформациялар» факультетінің деканы (Қазақстан)

Ыдырыс Айжан Жұмабайқызы — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Математикалық және компьютерлік модельдеу» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Шильдибеков Ерлан Жаржанович — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Экономика және бизнес» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Аманжолова Сауле Токсановна — техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Киберқауіпсіздік» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Ниязгулова Айгүл Аскарбековна — филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Медиакоммуникациялар және Қазақстан тарихы» кафедрасының менгерушісі (Қазақстан)

Айтмағамбетов Алтай Зуфарович — техника ғылымдарының кандидаты, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Радиотехника, электроника және телекоммуникация» кафедрасының профессоры (Қазақстан)

Алмисреб Али Абд — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Мохамед Ахмед Хамада — PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің «Ақпараттық жүйелер» кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Янг Им Чу — PhD, Гачон университетінің профессоры (Оңтүстік Корея)

Тадеуш Валлас — PhD, Адам Мицкевич атындағы университеттің проректоры (Польша)

Мамырбаев Өркен Жұмажанұлы — Ақпараттық жүйелер саласындағы техника ғылымдарының (PhD) докторы, ҚР БҒМ ҚҰО ақпараттық және есептеу технологиялары институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары (Қазақстан)

Бушуев Сергей Дмитриевич — техника ғылымдарының докторы, профессор, Украинаның «УКРПНЕТ» жобаларды басқару қауымдастығының директоры, Киев ұлттық құрылыс және сәулет университетінің «Жобаларды басқару» кафедрасының менгерушісі (Украина)

Белолицкая Светлана Васильевна — техника ғылымдарының докторы, доцент, Астана IT университетінің деректер жөніндегі есептеу және ғылым кафедрасының профессоры (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР:

Ералы Диана Русланқызы — «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ (Қазақстан)

Халықаралық ақпараттық және коммуникациялық технологиялар журналы

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Меншіктенуші: «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ (Алматы қ.)

Қазақстан Республикасы Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігінің Ақпарат комитетінде – 20.02.2020 жылы берілген.

№ KZ82VPY00020475 мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: ақпараттық технологиялар, әлеуметтік-экономикалық жүйелерді дамытудағы цифрлық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және коммуникациялық технологияларға арналған.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 100 дана

Редакцияның мекенжайы: 050040, Алматы қ-сы, Манас к-сі, 34/1, 709-кабинет, тел: +7 (727) 244-51-09).

E-mail: ijiet@iitu.edu.kz

Журнал сайты: <https://journal.iitu.edu.kz>

© Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті АҚ, 2023

© Авторлар ұжымы, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Хикметов Аскар Кусулбекович — кандидат физико-математических наук, председатель правления - ректор Международного университета информационных технологий (Казахстан)

ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:

Колесникова Катерина Викторовна — доктор технических наук, профессор, проректор по научно-исследовательской деятельности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

УЧЕНЫЙ СЕКРЕТАРЬ:

Ипалакова Мадина Тулегеновна — кандидат технических наук, ассоциированный профессор, директор департамента по научно-исследовательской деятельности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Разак Абдул — PhD, профессор кафедры кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Лучно Томмазо де Паолис — директор отдела исследований и разработок лаборатории AVR департамента инноваций и технологического инжиниринга Университета Саленто (Италия)

Лиз Бэкон — профессор, заместитель вице-канцлера Университета Абертей (Великобритания)

Микеле Пагано — PhD, профессор Университета Пизы (Италия)

Отелбаев Мухтарбай Отелбайулы — доктор физико-математических наук, профессор, академик НАН РК, профессор кафедры математического и компьютерного моделирования Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Рысбайулы Болатбек — доктор физико-математических наук, профессор, профессор кафедры математического и компьютерного моделирования Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Дайнеко Евгения Александровна — PhD, ассоциированный профессор, проректор по глобальному партнерству и дополнительному образованию Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Дузбаев Нуржан Токкужаевич — PhD, ассоциированный профессор, проректор по цифровизации и инновациям Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Синчев Бахтгерей Куспанович — доктор технических наук, профессор, профессор кафедры информационных систем Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Сейлова Нургуль Абадуллаевна — кандидат технических наук, декан факультета компьютерных технологий и кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Мухамедиева Ардак Габитовна — кандидат экономических наук, декан факультета цифровых трансформаций Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Ыдырыс Айжан Жумабаевна — PhD, ассистент профессор, заведующая кафедрой математического и компьютерного моделирования Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Шилдибеков Ерлан Жаржанович — PhD, заведующий кафедрой экономики и бизнеса Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Аманжолова Сауле Токсановна — кандидат технических наук, заведующая кафедрой кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Ниязгулова Айгуль Аскарбековна — кандидат филологических наук, доцент, заведующая кафедрой медиакоммуникаций и истории Казахстана Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Айтмагамбетов Алтай Зуфарович — кандидат технических наук, профессор кафедры радиотехники, электроники и телекоммуникаций Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Алмисреб Али Абд — PhD, ассоциированный профессор кафедры кибербезопасности Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Мохамед Ахмед Хамада — PhD, ассоциированный профессор кафедры информационных систем Международного университета информационных технологий (Казахстан)

Янг Им Чу — PhD, профессор университета Гачон (Южная Корея)

Тадеш Валлас — PhD, проректор университета имен Адама Мицкевича (Польша)

Мамырбаев Оркен Жумажанович — PhD, заместитель директора по науке РГП Института информационных и вычислительных технологий Комитета науки МНВО РК (Казахстан)

Бушуев Сергей Дмитриевич — доктор технических наук, профессор, директор Украинской ассоциации управления проектами «УКРНЕТ», заведующий кафедрой управления проектами Киевского национального университета строительства и архитектуры (Украина)

Белошницкая Светлана Васильевна — доктор технических наук, доцент, профессор кафедры вычислений и науки о данных Astana IT University (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР:

Ералы Диана Русланқызы — АО «Международный университет информационных технологий» (Казахстан).

Международный журнал информационных и коммуникационных технологий

ISSN 2708-2032 (print)

ISSN 2708-2040 (online)

Собственник: АО «Международный университет информационных технологий» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № KZ82VPY00020475, выданное от 20.02.2020 г.

Тематическая направленность: информационные технологии, информационная безопасность и коммуникационные технологии, цифровые технологии в развитии социо-экономических систем.

Периодичность: 4 раза в год.

Тираж: 100 экземпляров.

Адрес редакции: 050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09).

E-mail: ijict@iitu.edu.kz

Сайт журнала: <https://journal.iitu.edu.kz>

© АО Международный университет информационных технологий, 2023

© Коллектив авторов, 2023

EDITOR-IN-CHIEF:

Khikmetov Askar Kusupbekovich — Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Chairman of the Board, Rector of International Information Technology University (Kazakhstan)

DEPUTY CHIEF DIRECTOR:

Kolesnikova Katerina Viktorovna — Doctor of Technical Sciences, Vice-Rector of Information Systems Department, International Information Technology University (Kazakhstan)

SCIENTIFIC SECRETARY:

Ipalakova Madina Tulegenovna — Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, Director of the Research Department, International University of Information Technologies (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD:

Razaq Abdul — PhD, Professor of International Information Technology University (Kazakhstan)

Lucio Tommaso de Paolis — Director of Research and Development, AVR Laboratory, Department of Innovation and Process Engineering, University of Salento (Italy)

Liz Bacon — Professor, Deputy Director, and Deputy Vice-Chancellor of the University of Abertay. (Great Britain)

Michele Pagano — Ph.D., Professor, University of Pisa (Italy)

Otelbaev Mukhtarbay Otelbayuly — Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Professor of the Department of Mathematical and Computer Modeling of International Information Technology University (Kazakhstan)

Rysbayuly Bolatbek — Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor of the Department of Mathematical and Computer Modeling, International Information Technology University (Kazakhstan)

Daineko Yevgeniya Alexandrovna — PhD, Associate Professor, Vice-Rector for Global Partnership and Continuing Education, International Information Technology University (Kazakhstan)

Duzbaev Nurzhan Tokkuzhaevich — Candidate of Technical Sciences, Vice-Rector for Digitalization and Innovations, International Information Technology University (Kazakhstan)

Sinchev Bakhtgerey Kuspanuly — Doctor of Technical Sciences, Professor of the Department of Information Systems, International Information Technology University (Kazakhstan)

Seilova Nurgul Abdullaevna — Candidate of Technical Sciences, Dean of the Faculty of Computer Technologies and Cybersecurity, International Information Technology University (Kazakhstan)

Mukhamedieva Ardak Gabitovna — Candidate of Economic Sciences, Dean of the Faculty of Digital Transformations, International Information Technology University (Kazakhstan)

Idyrys Aizhan Zhumabaevna — PhD, Head of the Department of Mathematical and Computer Modeling, International Information Technology University (Kazakhstan)

Shildibekov Yerlan Zharzhanuly — PhD, Head of the Department of Economics and Business, International Information Technology University (Kazakhstan)

Amanzholova Saule Toksanovna — Candidate of Technical Sciences, Head of the Department of Cyber Security, International Information Technology University (Kazakhstan)

Niyazgulova Aigul Askarbekovna — Candidate of Philology, Head of the Department of Media Communications and History of Kazakhstan, International Information Technology University (Kazakhstan)

Aitmagambetov Altai Zufarovich — Candidate of Technical Sciences, Professor of the Department of Radioengineering, Electronics and Telecommunication, International Information Technology University (Kazakhstan)

Almisreb Ali Abd — PhD, Associate Professor, International Information Technology University (Kazakhstan)

Mohamed Ahmed Hamada — PhD, Associate Professor, Department of Information systems, International Information Technology University (Kazakhstan)

Young Im Choo — PhD, Professor, Gachon University (South Korea)

Tadeusz Wallas — PhD, University of Dr. Litt Adam Miskevich in Poznan (Poland)

Mamyrbayev Orken Zhumazhanovich — PhD in Information Systems, Deputy Director for Science, Institute of Information and Computing Technologies CS MSHE RK (Kazakhstan)

Bushuyev Sergey Dmitriyevich — Doctor of Technical Sciences, Professor, Director of Удoктор технических наук, профессор, директор Ukrainian Association of Project Management UKRNET, Head of Project Management Department, Kyiv National University of Construction and Architecture (Ukraine)

Beloshitskaya Svetlana Vasilyevna — Doctor of Technical Sciences, Associate Professor, Professor of the Department of Computing and Data Science, Astana IT University (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Eraly Diana Ruslankyzy — International Information Technology University (Kazakhstan)

«International Journal of Information and Communication Technologies»

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Owner: International Information Technology University JSC (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan, Information Committee No. KZ82VPY00020475, issued on 20.02.2020.

Thematic focus: information technology, digital technologies in the development of socio-economic systems, information security and communication technologies

Periodicity: 4 times a year.

Circulation: 100 copies.

Editorial address: 050040, Manas st. 34/1, Almaty, +7 (727) 244-51-09). E-mail: ijict@iitu.edu.kz

Journal website: <https://journal.iitu.edu.kz>

© International Information Technology University JSC, 2023

© Group of authors, 2023

МАЗМҰНЫ

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ДАМУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ж. Анитова, А. Еркінбай

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАРДА ДАТА НЕГІЗІНДЕ БАЯНДАУДЫ ЕНГІЗУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ.....8

Ш.Ы. Қалиаждарова

ЖАҢАЛЫҚТАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР: ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСС ӘСЕРІ.....18

Б.О. Шадаева

САНДЫҚ ҚАРЖЫ: ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ.....27

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Г.Т. Алин, Н.К. Рахимжанова

БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ДАМУ ЖОБАСЫН БАСҚАРУ: ЖОБАНЫҢ ҚАУІПТІР БАСҚАРУ.....38

А.К. Болшибаева, Ж.Ж. Кабдешова, Е.Ж. Садықбек

ЖОЛ ПОЛИЦИЯСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШІМДІ ІЗДЕУ.....51

Е.Б. Данченко, Ю.И. Бройде

АДАМ ПОЗАСЫНЫҢ ТІЗІЛІГІ БОЙЫНША ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫН ЖІКТЕУГЕ
АРНАЛҒАН ИЕРАРХИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МАШИНА.....62

Д. Едилхан, Д. Бисенғалиева

АВИА БИЛЕТТЕР БАҒАСЫН БОЛЖАУ ҮШІН МАШИНАЛЫҚ
ОҚУ АЛГОРИТМДЕРІН ТАЛДАУ.....73

Ш.О. Сәлімбек, А.К. Мұстафина

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ.....85

Б.С. Сапакова, А.А. Сәрсембаев, Bohdan Haidabrus

ТЕРЕҢ ОҚЫТУДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ АУДИО ДЕРЕКЕТТЕРДІ ТАЛДАУ
НЕГІЗІНДЕГІ ЭМОЦИОНАЛАРДЫ ЖІКТЕЛУ ӘДІСТЕРІН ШОЛУ.....95

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ДАМУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

А.В. Нефтигов*, А.Ж. Сарина, Л.Н. Кириченко, И.М. Казамбаев

ҮЛЕСТІРІЛГЕН ТАЛШЫҚТЫ-ОПТИКАЛЫҚ ДАТЧИКТЕР НЕГІЗІНДЕ КЕҢЕЙТІЛГЕН
ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ ТҮТАСТЫҒЫН БАҚЫЛАУДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ЖҮЙЕЛЕРІНЕ
ШОЛУ.....105

СОДЕРЖАНИЕ

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАЗВИТИИ СОЦИО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ

Ж. Анитова, А. Еркинбай

ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМ И ВОЗМОЖНОСТЕЙ РЕАЛИЗАЦИИ ПОДХОДОВ
ДАТА-ЖУРНАЛИСТИКИ В НОВОСТЯХ КАЗАХСТАНСКИХ СМИ.....8

Ш.И. Калижадарова

СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ В НОВОСТНОЙ СЛУЖБЕ: ВЛИЯНИЕ ТЕХНИЧЕСКОГО
И ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ПРОГРЕССА.....18

Б.О. Шадаева

ЦИФРОВЫЕ ФИНАНСЫ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ.....27

ИНФОРМАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ

Г.Т. Алин, Н.К. Рахимжанова

УПРАВЛЕНИЕ ПРОЕКТАМИ РАЗРАБОТКИ ПРОГРАММНОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ:
УПРАВЛЕНИЕ РИСКАМИ ПРОЕКТА.....38

А.К. Болшибаева, Ж.Ж. Кабдешова, Е.Ж. Садыкбек

ПОИСК ИННОВАЦИОННОГО РЕШЕНИЯ В ОБЛАСТИ ДОРОЖНОЙ ПОЛИЦИИ.....51

Е.Б. Данченко, Ю.И. Бройде

ИЕРАРХИЧЕСКАЯ МАШИНА СОСТОЯНИЙ ДЛЯ КЛАССИФИКАЦИИ
ФИЗИЧЕСКИХ УПРАЖНЕНИЙ ПО ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТИ ПОЗ ЧЕЛОВЕКА.....62

Д. Едилхан, Д. Бисенгалиева

АНАЛИЗ АЛГОРИТМОВ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ ДЛЯ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ
ЦЕН НА АВИАБИЛЕТЫ.....73

Ш.О. Салимбек, А.К. Мустафина

ИССЛЕДОВАНИЕ И СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ОЦЕНКИ ЭФФЕКТИВНОСТИ
ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ СИСТЕМ В СФЕРЕ ВЫСШЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ.....85

Б.С. Сапакова*, А.А. Сарсембаев, Bohdan Haidabrus

ОБЗОР МЕТОДОВ КЛАССИФИКАЦИИ ЭМОЦИЙ НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА
АУДИОДАННЫХ С ПОМОЩЬЮ ГЛУБОКОГО ОБУЧЕНИЯ.....95

КОММУНИКАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ, ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В РАЗВИТИИ СОЦИО-ЭКОНОМИЧЕСКИХ СИСТЕМ

А.В. Нефтисов, А.Ж. Саринова, Л.Н. Кириченко, И.М. Казамбаев

ОБЗОР ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СИСТЕМ МОНИТОРИНГА ЦЕЛОСТНОСТИ
ПРОТЯЖЕННЫХ ОБЪЕКТОВ НА ОСНОВЕ РАСПРЕДЕЛЕННЫХ
ВОЛОКОННО-ОПТИЧЕСКИХ ДАТЧИКОВ.....105

CONTENTS

DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE DEVELOPMENT OF SOCIO-ECONOMIC SYSTEMS

Zh. Anitova, A. Erkinbay

STUDYING THE PROBLEMS AND OPPORTUNITIES FOR THE IMPLEMENTATION
OF DATA JOURNALISM APPROACHES IN THE NEWS OF THE KAZAKHSTAN MEDIA.....8

Sh.I. Kaliazarova

MODERN TRENDS IN THE NEWS SERVICE: THE IMPACT OF TECHNICAL AND
TECHNOLOGICAL PROGRESS.....18

B.O. Shadayeva

DIGITAL FINANCE: PROBLEMS AND PERSPECTIVES OF DEVELOPMENT.....27

INFORMATION TECHNOLOGY

G.T. Alin, N.K. Rakhymzhanova

SOFTWARE DEVELOPMENT PROJECT MANAGEMENT: PROJECT RISK MANAGEMENT.....38

A.K. Bolshibayeva, Zh.Zh. Kabdeshova, E.Zh. Sadykbek

SEARCH FOR AN INNOVATIVE SOLUTION IN THE FIELD OF TRAFFIC POLICES1

O.B. Danchenko, Ju.I. Broyda

HIERARCHICAL STATE MACHINE FOR CLASSIFICATION OF PHYSICAL EXERCISES
BY SEQUENCE OF HUMAN POSES.....62

D. Yedilkhan, D. Bissengaliyeva

ANALYSIS OF MACHINE LEARNING ALGORITHMS FOR PREDICTION OF AIR
TICKETS PRICES.....73

Sh. Salimbek, A. Mustafina

RESEARCH AND IMPROVEMENT OF THE EVALUATION OF THE EFFECTIVENESS
OF THE USE OF INFORMATION SYSTEMS IN HIGHER EDUCATION.....85

B.S. Sapakova, A.A. Sarsembaev, Bohdan Haidabrus

REVIEW OF EMOTION CLASSIFICATION METHODS BASED ON AUDIO DATA
ANALYSIS USING DEEP LEARNING.....95

DIGITAL TECHNOLOGY IN THE DEVELOPMENT OF SOCIO-ECONOMIC SYSTEMS, INFORMATION TECHNOLOGY, COMMUNICATION TECHNOLOGY AND INFORMATION SECURITY

A.V. Neftissov, A.Zh. Sarinova, L.N. Kirichenko, I.M. Kazambayev

OVERVIEW OF INTELLIGENT SYSTEMS FOR MONITORING THE INTEGRITY
OF EXTENDED OBJECTS BASED ON DISTRIBUTED FIBER-OPTIC SENSORS.....105

INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES
ISSN 2708–2032 (print)
ISSN 2708–2040 (online)
Vol. 4. Is. 1. Number 13 (2023). Pp.18–26
Journal homepage: <https://journal.iitu.edu.kz>
<https://doi.org/10.54309/IJICT.2023.13.1.002>
УДК 070.46: 654.197

MODERN TRENDS IN THE NEWS SERVICE: THE IMPACT OF TECHNICAL AND TECHNOLOGICAL PROGRESS

Sh.I. Kaliazarova

Kaliazhdarova Shynar Idryshevna — International University of Information Technologies, Assistant Professor of the Department of «Media Communication and History of Kazakhstan», PhD student
ORCID: 0000-0003-2002-2680.

© Sh.I. Kaliazarova, 2023

Abstract. The article discusses the specifics of the transformation of the news service of Kazakhstan's TV channels, taking into account new trends in the global media market. The scientific substantiation of the influence of technical and technological support of the television process on modern television production and on the change in the aesthetics of news TV shows is given. In this context, the problem of creative search for news service correspondents is also of great interest.

Keywords: trend, virtual studio, bild, aesthetics, graphics, animation, design

For citation: Sh.I. Kaliazarova. Modern trends in the news service: the impact of technical and technological progress // International Journal of Information and Communication Technologies. 2023. V.4. No. 1. Page 18–26 (In Russian). <https://doi.org/10.54309/IJICT.2023.13.1.002>

ЖАҢАЛЫҚТАР ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТЕР: ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОГРЕСС ӘСЕРІ

Ш.Ы. Қалиаждарова

Қалиаждарова Шынар Идрышевна — PhD докторант. Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, «Медиакоммуникация және Қазақстан тарихы» кафедрасының ассистент-профессоры
ORCID: 0000-0003-2002-2680.

© Ш.Ы. Қалиаждарова, 2023



Аннотация. Мақалада Қазақстан телеарналары жаңалықтар қызметіндегі жаңа трендтер туралы айтылады. Заманауи үдерістерге техникалық, технологиялық ілгерілеудің әсері және олардың жаңалық эстетикасының өзгеруіне ықпалы ғылыми тұрғыда сараланады. Сонымен қатар осы бағыттағы тілшілердің шығармашылық ізденісі де назарға алынады.

Түйін сөздер: тренд, виртуалды студия, бильд, эстетика, графика, анимация, дизайн

Дәйексөз үшін: Ш.Ы. Қалиаждарова. Жаңалықтар қызметіндегі заманауи трендтер: техникалық және технологиялық прогресс әсері // Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың халықаралық журналы. 2023. V.4. № 1. Бет 18-26 (орыс тілінде). <https://doi.org/10.54309/IJICT.2023.13.1.002>

СОВРЕМЕННЫЕ ТРЕНДЫ В НОВОСТНОЙ СЛУЖБЕ: ВЛИЯНИЕ ТЕХНИЧЕСКОГО И ТЕХНОЛОГИЧЕСКОГО ПРОГРЕССА

Ш.И. Калиаждарова

Калиаждарова Шынар Идрышевна — PhD докторант. Международный университет информационных технологий, ассистент-профессор кафедры «Медиакоммуникации и истории Казахстана»
ORCID: 0000-0003-2002-2680.

© Ш.Ы. Калиаждарова, 2023

Аннотация. В статье рассматривается специфика трансформации новостной службы телеканалов Казахстана с учетом новых трендов мирового медиарынка. Приводится научное обоснование влияния технического и технологического обеспечения телевизионного процесса на современное телепроизводство и на изменение эстетики новостных телепередач. В данном контексте также большой интерес вызывает проблема

творческого поиска корреспондентов новостной службы.

Ключевые слова: тренд, виртуальная студия, бильд, эстетика, графика, анимация, дизайн

Для цитирования: Ш.И. Калиаждарова. Современные тренды в новостной службе: влияние технического и технологического прогресса // Международный журнал информационных и коммуникационных технологий. 2023. Т.4. №1. Стр. 18–26 (На рус.). <https://doi.org/10.54309/IJICT.2023.13.1.002>

Кіріспе

Ақпаратқа сұраныс күннен күнге артып келеді. Оны ешкім жоққа шығара алмайды. Күн сайын адамдар елде, шет мемлекеттерге қандай қоғамдық маңызы бар жаңалықтардан хабардар болуды әдетке айналдырған. Сол себепті бұқаралық



ақпарат құралдарының қай түрі болмасын жаңалықтар таратуға басымдық беріп отыр.

Телеарнадағы жаңалықтар қызметі кез келген телебағдарлама секілді белгілі бір аудиторияға бағытталады. Сондықтан арнаның жаңалықтар қызметі аудитория сұранысын қанағаттандыру үшін ерекше ақпарат беруге тырысады.

Әлеуметтік желілерде ақпарат жылдам таралғанымен аудиторияның басым бөлігі телевизия жаңалықтарына сенім білдіреді. ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ақпараттарына сүйенсек, Қазақстандықтардың 58 % телевизияға ең сенімді ақпарат көзі ретінде қарайды. Көрерменнің басым бөлігі үйге келгенде теледидарды, атап айтқанда жаңалықтар бағдарламасын қосады. 51 % көрермен мемлекеттік ақпарат құралдарына, 10 %-ға жуығы — жекеменшік арналар қызметіне назар аударады (Информбюро, 2022).

Зерттеулер көрсеткендей, аудиторияның ақпаратты әлеуметтік желі арқылы білгенімен, телевизия арқылы жаңалықтың рас немесе жалған екендігін тексеретіндіктерін жоққа шығармайды. Сол себепті қазіргі таңда телевизиядағы жаңалықтар қызметі алдыңғы қатарда. Мемлекеттік және жекеменшік арналардың қай қайсысы болмасын жаңалықтарға басымдық беріп, жоғары рейтингтік қызметке айналуды мақсат етеді.

Материалдар, әдістер және нәтижелер

Телеарналардың жаңалықтар қызметі арқылы сол арнаның ақпараттық саясатын, ұстанымын көре аламыз. Әлемдік медиакөшіністіктегі болып жатқан өзгерістер біздің де медиасаланың өзгеруіне әкелуде. Өйткені аудитория дәл қазір тек Қазақстандық қана емес, ғаламдық ақпарат құралдарын көруге мүмкіндігі бар. Сол себепті әр арна заман талабына сай ақпарат таратып, бәсекелестік ортаға төтеп беруге тырысуда.

Телеарнаның редакциялық ұстанымына орай жаңалықты беру ракурстары да түрлі. Телесаладағы техникалық және технологиялық прогресс жаңалықтар эстетикасының өзгеруіне әкеліп қана қоймай, шығармашылық ұжымды жаңа көзқараспен жүруге бағыттады.

Ғалым А.Құрманбаеваның пайымдауынша, жаңалық ұсынудағы коммуникативтік трендтер – ақпараттың визуализациялануына дәстүрлі әдістен әлеуметтік медиаға жылжуына мүмкіндік сыйлады. Басылымдардың, телеарналар мен радиоарналардың электронды алаңы мен сандық форматы – журналистиканың жаңа заманға сай ерекшеліктерін игере отырып құбылуына, уақыт пен кеңістіктегі өз арнасына түсуіне ықпалы етті» (Құрманбаева, 2020).

Техниканың қарқынды дамуы тележаңалықтың бейнелік көркемділігін арттырды. Дәл қазір компьютерлік технологиялар арқылы түрлі эффектілерді қолдану арқылы аудиторияға әсерлі бейнеқатар ұсынып отыр. Бұл бағытта мына үдерістер басымдық танытуда:

- Телевизиялық дизайн дамуда
- Графика, анимация және бильд (суреттер) элементтерді қолдану
- Виртуалды студияларды пайдалану



• Тікелей байланыс қызметінің күшейуі (тілшілердің оқиға орнынан бірден ақпарат беруі)

Жаңалықтар қызметі визуалды және графикалық элементтерге ерекше ден қоя бастады. Телевизиялық контент енді мультимедиалық болды. Мысалы, жаңалық жүргізушілерінің үлкен LED-мониторлар алдына шығып сөйлеуі трендке айналды. Бұл мониторда фотопостер, яғни күннің маңызды оқиғасына тән деталь көрінісі салынады. Мұны 31- арнаның «Информбюро», 7-арнаға тән «Айбат» және «Хабар» агенттігінің жаңалықтар қызметі ұтымды пайдаланып жүр. Телемамандардың пікірінше, бұл жүргізуші арқылы көрерменнің «оқиғаға қатысу әсерін» күшейту мақсатында жасалатын әдіс.

Жаңалықтарда фотоақпараттың да рөлі ерекшелене түсуде. Бір кездері телевизияда оқиға орнынан түсірілген кадрларды беру басым болса, қазір билд (сурет), әуесқой түсірілімдер, әлеуметтік желі скриншоттары маңызды детальға айналды.

Ақпараттар фоторепортаж түрінде немесе ерекше тақырыппен стоп – кадрда жүргізуші фоннда көрсетіледі. Яғни фото мен тақырып – аудиторияға барлық ақпаратты береді. Сонымен қоса синхронның орнына ақпарат берушілердің жазбаша жауаптарын оқу, я болмаса «хрипушкаларды» (телефон арқылы жазылып алынған сұхбат) беру де көбейген. Мысалы, «Информбюро» тілшісі А.Камалдың («Казахстанский миллионер оказался в центре громкого скандала в Англии». 21.009.2020) миллионер Н.Бизаков туралы дайындаған материалында кейіпкердің әлеуметтік желілердегі парақшаларынан алынған және сол ақпаратты жариялап отырған шетелдік басылымдағы ақпараттардың скриншоттары, статистикалық мәліметтерді графикамен көрсету арқылы кәсіби деңгейде материал дайындап шығарған (Информбюро. 31-канал, 2022). Скриншоттағы мәліметтерді әртүрлі дауыспен оқу да бейнесюжетке ерекше рең берді деп айтуға болады. Бұдан аңғаратынымыз, тілші оқиға ортасына бармай-ақ әлеуметтік желі, басқа да байланыс құралдарын пайдалану арқылы жоғары деңгейлі материал дайындау мүмкіндігіне ие.

Медиамамандардың пайымдауынша, бүгінде инфографика дербес жанрға айналды. Оны тек бейнематериалдың бір бөлігі ретінде қолданып қоймай, сараптамалық статистикалық шолулар да дербес материал ретінде де қолданып жүр.

Қазір ақпараттар қызметінің тілшілері оқиға орнынан бірден материалды баяндау әдісін қолдануда. Онда терезе арқылы тілші стенд-ап арқылы оқиғаны баяндайды, сонымен қоса артқы фоннан оқиғаға қатысты бейнеқатарлар беріліп отырады. Фото, синхрондар, арнайы эффектілер де ұтымды қолданылады. Бір қарағанда тілші тікелей эфирде ақпарат беріп тұрғандай сезілгенімен, сауатты жасалған бейнеэффектілер монтаж туындысы екендігін аңғартады.

Тілшілердің ұтымды пайдаланып жүрген әдісі — стенд-аппен бірге графикалық элементтерді қолдану. Онда тілші стенд-апы терезе арқылы беріледі. Бір жағында тілші, ал екінші жағында оқиға орнынан бейнеқатар немесе графика ұсынылады. Мұндай әдісті 7-арнаның «Айбат» жаңалықтар қызметі жиі қолданады. Осы



арнаның тілшісі Ж.Қапасқызының «Путин қол қойды» (Эфир уақыты: 05.10.2022) бейнематериалында осы тәсілді анық байқаймыз (Айбат. 7-арна, 2022).

Күннің маңызды ақпаратына байланысты сарапшы пікірін диалог ретінде тікелей эфирге қосу да қарқын алып барады. Оны 31-арна, 7-арна. Ұлттық арнаның жаңалықтар қызметі күнделікті қолданады. Редакция арнайы маманмен скайп немесе бейнеқоңырау арқылы байланысады. Диалог тікелей эфирде жүргізіледі. Бұл жерде де терезе әдісі (полиэкран) қолданылады. Жүргізуші мен сарапшы ірі планда алынып, диалог өрбиді.

Информбюро жаңалықтар қызметінің 7-қазан күнгі (2022) шығарылымында «Что будет с ценами?» тақырыбы көтеріліп, оған экономист Максим Барышев сарапшы ретінде шақырылды. Сұхбат тікелей эфирде скайп желісі арқылы жүргізілді (Информбюро. 31-канал. Эфир: 07.10.2022). Ал дәл осындай тәсілді «Айбаттың» 5-қазан күнгі (2022) шығарылымынан да байқаймыз. Тікелей эфир қонағы Әлия Хегаймен «Ресейліктерге жұмыс бар ма?» тақырыбында әңгіме өрбиді. Мұнда байланыс ватсап бейнеқоңырауы арқылы жүзеге асты (Айбат. 7-арна, 2022).

Кесте 1 - Телеарналардың жаңалықтарды беру әдістері

Бейнематериал тақырыбы	Қолданылған элементтер
«Санитар сотталды» (Айбат. 7-арна. Эфир: 05.10.2022)	Инфографика + әуесқой түсірілім (желіден алынды)
«Суицид неге көбейді?!» (Айбат. 7-арна. Эфир: 05.10.2022)	Стенд-ап + инфографика + полиэкран
«Төреғали татуласты» (Айбат. 7-арна. Эфир: 06.10.2022)	Бильд + скриншот + әуесқой бейнетүсірілім
«Оқу жылы ұзарды» (Кешкі жаңалықтар. КТК. Эфир: 15.08.2022)	Бильд + инфографика + бейнеқатар
«Қымбат тариф» (Ақпарат. Қазақстан ұлттық арнасы. Эфир: 15.10.2022)	Бильд + полиэкран + бейнеқатар + синхрон
«Еркелеткеніне есеп береді» (Информбюро. 31-арна. Эфир: 14.10.2022)	Әуесқой түсірілім + скриншот + бильд

Жаңа технологиялар тележурналистер қызметін жеңілдетіп қана қоймай, оларға қойылатын талапты да күшейтті. Енді тілшілер бір ғана платформаға емес, бірнешеуіне ақпарат беруге мәжбүр. Олар енді әлеуметтік желіге басымдық бере отырып, аудиторияны негізгі эфирге тартуға күш салуда. Ал әр платформаның ақпарат таратудағы ерекшелігін ескерсек, журналистке кәсіби тұрғыда ізденіспен қатар, заманауи технология талаптарын мойындауына тура келеді.

Жоғарыда атап өткеніміздей, тілшілер әлеуметтік желімен бірлесе жұмыс істеуге көшті. Тілшілер енді «әлеуметтік желі – дәстүрлі эфир – кері байланыс» тізбесі аясында ақпарат таратады. Олар оқиға орнына барған бетте ондағы ең маңызды деген детальдарды инстаграмдағы жеке парақшаларына салады. Осылайша жеке көрерменін қызықтыра отырып, толыққанды сюжетті көруге



негізгі эфирге жетелейді. Бұл әдісті Алматы арнасының жаңалықтары нақты жолға қойған. Сонымен қоса, тілшілердің желідегі, эфирдегі танымалдылығын арттыру үшін стенд-ап соңына инстаграм парақшаларын көрсету үрдісі де — шығармашылық ұжымдағы жаңа әдіс.

Бұған қоса әр арна желіде жеке парақшаларын ашып, оқиғаның ең маңызды деген бөліктерін салып, дәстүрлі эфир көрімділігін арттыруға қадам жасауда. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей бейнематериалдардың желідегі қаралымы жоғары.

Кесте 2 - Арналардың инстаграм парақшаларындағы бейнематериалдар көрсеткіші

Телеарна	Желіге жарияланған бейнематериал тақырыбы	Қаралым саны
@tv7_kz (369 мың оқырман)	Алматыда жолаушылар автобусы жер үйге соғылды (14.10.2022)	13 048
	Ақтөбелік зейнеткер өзін өлгендер тізімінен тапқан (13.10.2022)	9 727
@kktvkz (450 мың оқырман)	Құрылысқа қарсы (15.10.2022)	11 953
	Қолдау күшеймек (15.10.2022)	2 600
@khabartv_news (131 мың оқырман)	Инфляция (15. 09.2022)	4 784
	Самоқаттар мәселесі (17.08.2022)	5 133
@informburo31 (849 мың оқырман)	Суши, пирца жейміз деп ауруханада бірақ шықты (13.10.2022)	780
	Қазақстанда байлар емделмейді, кедейлер ем ала алмайды. Неге? (11.10.2022)	589

Жаңалықтар қызметі арасында бәсекелестік күшті. Бұл тек телеарналар арасында емес, жалпы ақпаратты басты нысанға алған масс-медиаға тән. Сол себепті болар көп арна ақпараттың эстетикалық көрсеткіштеріне (бейненің сапасы, монтаж тілі, дыбыстың таза жазылуы, т.б.) қарамай, бірінші болып оқиғаны жариялауға ұмтылады. Телеарналарда жаңалықтарды жылдам беру мақсатында мынандай үдерістерге ден қойылуда:

- Материалға қажетті бейнеқатар мен пікірлер алу үшін оқиға орнына бармай-ақ түрлі құрылғылар қолдану: скайп арқылы сұхбат алу, смартфонмен бірден тікелей эфирге қосылу, барлық материалды смартфонмен түсіру (стенд-ап, бейнеқатарлар).

- Интербелсенділік: аудиториямен байланыс күшейді. Тілшілер тақырыпты көрермендерімен байланысу арқылы табатын болды. Олармен интернет-ресурстар арқылы үздіксіз байланыс орнатып, ұсынған әуесқой материалдарын кәсіби контенттің негізі ретінде қолдану.

- Аудитория ықыласын арттыру үшін жаңалықтар қызметінің ішінен арнайы айдар ашу: «Сөздің шыны керек» (31-арна), «112» (Евразия бірінші арнасы).

- QR -кодты пайдалану. Бұл код арқылы көрермен сауалнамаға ат салысады. Оны сканерлау арқылы арнаның веб-сайтына, басқа да желілердегі парақшасына кіріп, жобамен тікелей байланыс жасауға мүмкіндік туады (Қалиаждарова, 2022).

Телевизия мен интернет арасындағы бәсекелестік, бірігу үрдістері де әртүрлі қырынан көрінуде. Олар:



- Жеделділік тұрғысынан интернет басым болғанымен, кәсіби контент — телеарнада екендігін аудитория жақсы түсінеді. Арнаның күнделікті бағдарламалар кестесіндегі жаңалықтар саны артып отыр. Атамекен бизнес арнасы күн сайын алты рет «Жаңалықтарын» (07.00, 8.00, 9.00, 11.00, 19.00, 24.00) эфирге шығарады (Атамекен бизнес арнасы, 2022). «Qazaqstan» ұлттық арнасының «Aqparat» бағдарламасы бес рет көрермендерге күннің басты жаңалықтарын (6.25, 10.00, 15.00, 17.00, 20.00) ұсынады («Qazaqstan» ұлттық арнасы, 2022). Ал коммерциялық КТК, 31-арналардың жаңалықтары күніне бір рет прайм-тайм (19.30 «Кешкі жаңалықтар», 20.00 «Информбюро») уақытта беріледі. Ақпараттарда талдау, эмоция, графика және трэш элементтерге басымдық беріледі. Бұл да телевизияға интернеттен келген элементтер.

- Телевизияның жаңалықтар қызметі онлайн хабар таратуға да басымдық беріп отыр. ТВ жаңалықтар қызметінің ақпараттық порталдарын құру арқылы бірдей жаңалықты екіжаққа да жариялау үрдісі қолданылып жүр. Ақпараттық порталда қысқа ақпарат, ешқандай түсініктемесіз фотосуреттер беру, қысқаша бейнематериал, аудиожазбалар ұсынылады. Бұған мысал ретінде Атамекен бизнес арнасының <https://inbusiness.kz/> (Inbusiness.kz. <https://inbusiness.kz/>) (Қаралған күні: 04.10.2022).

-) 31-арнаның <https://informburo.kz/> порталдарын алуға болады.

- Көрермен көңілін аудару мақсатында жаңалықтарда көрсетілетін бейнематериалдарға бірнеше рет аңдатпа (анонс) беруге басымдық таныту. Аңдатпа беру тәсілдерінің өзгеруі (анонс үшін оқиға орнынан арнайы стенд-ап жазу, терезе әдісі арқылы беру, т.б.).

- Көрермендердің желідегі кейбір материалдарға реакциясы жаңалықтар үшін ақпараттық ілік болуы мүмкін. Осы тұста пікір тізбегі басталып, әлеуметтік желі арқылы және оффлайн сұхбат алу әдістері қолданылады.

Телеарналардың жаңалықтар қызметі әлеуметтік желі материалдарын пайдаланғанымен, тікелей эфир барысында оларды әлі қоса қойған жоқ. Тәулік бойы хабар тарататын арналар тікелей эфирден ақпарат берген тұста, ол фейсбук немесе твиттер желісінде сол мезетте талқыға түсіп жатады. Алайда әлеуметтік медиа мен телерепортаж элементтерін біріктіре көрсету тәжірибесі әлі экранға енбеді. Бірақ тікелей эфирде жүретін ток-шоуларда әлеуметтік желідегі көрермендер пікірін жүгіртпе жол арқылы беру әдісін байқап жүрміз.

Ал дәл бүгінгі күні жаңалықтарда көрермен назарын ерекше аулап отырған бірнеше пішін бар.

- Полиэкран (экранді бірнеше бөлікке бөліп көрсету немесе терезе әдісі): стенд-аппен бейненің қатарынан екі бөлікте көрсетілуі, бір мезетте эфир жүргізушісі, тілші және оқиға орнынан көріністердің берілуі, т.б.

- Синхронды фразаларға бөлу арқылы беру: кейіпкер сөзін жартылай бейнеқатармен жабу немесе синхрон одан кейін оқиға орнынан түсініктемесіз бейнеқатар, одан соң бірден қайта синхронның берілуі.

- Тілшілер стенд-апының іс-әрекетпен берілуі де назар аударарлықтай. Бір



жерде тұрғаннан, әрекет арқылы көрсетіген стенд-ап көрермен есінде жақсы қалады, әрі тілші танымалдылығын арттыруға ықпал етеді.

Жаңалықтар шығарылымының көрімділігі мен драматургиясын арттыру мақсатында бұрыннан келе жатқан пішіндер де қолданылады. Ерекше сөз қолданыстары, сөзге эмоциялық рең беру, сонымен қоса бейнематериалға қойылған ерекше тақырып та көрермендерді еліктіреді. Мысалы, «Имигранттардан қауіп», «Санитар сотталды», «Баға қайда барасың?» (Айбат, 05.10.2022), «Дубайда үзілген дем», «Битумның бітпейтін жыры», «Алты жыл арқалауы мүмкін» (Кешкі жаңалықтар, КТК 22.09.2022).

Студиядағы түсірілім нүктелері (кран, рельс, бірнеше камера қозғалысы), арнайы репортаждар, жүргізуші мен тілшінің тікелей эфирдегі байланысы, сонымен қоса жүргізуші мен сарапшы арасындағы диалог та – аудиторияға жан-жақты ақпарат беру мен оларға визуалдық тұрғыда ерекше пікір қалыптастыру мақсатында ойластырылған формалар.

Қорытынды

Техникалық және технологиялық инновациялар жаңалықтар кеңістігін айтарлықтай өзгертті, ол одан сайын дами да бермек. Жоғарыда мысалдар көрсеткендей, телевизия жаңалықтар қызметінде графикалық безендіру элементтерінің рөлінің артқанын көрдік. Бүгінде тележаңалықты мультимедиалық деп толықтай айта аламыз. Тілшілерге енді шығармашылық қана ғана емес, технологиялық тұрғыда іздену талабы күшейді. Өйткені осыдан біраз уақыт бұрын ақпаратты қай ракурстан берген дұрыс деген сауал бірінші тұрса, енді оның орнын техникалық талаптар басты.

Телевизияда кеңінен қолданылып жатқан жаңа әдістер мен стильдер саланың одан әрі дамуына, оны жетілдіруге ықпал етеді. Ең бастысы — көрерменнің ақпаратқа деген көзқарасын өзгертіп, сапалы контентке деген сұранымды арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Атамекен бизнес арнасы. <https://inbusiness.kz/kz/tv>. (Қаралған күні: 12.10.2022).

Айбат. 7-арна. Эфир: 04.10.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=CsfQPsJXmuA>. (Қаралған күні: 10.10.2022).

Информбюро (2022). 58 % казахстанцев доверяют телевидению как источнику информации. Выпуск Информбюро. 31 канал. Эфир: 28.06.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=B7fqT2Nk48> (Қаралған күні: 04.10.2022).

Информбюро. 31-канал. «Казахстанский миллионер оказался в центре громкого скандала в Англии». Эфир: 21.09.2020. <https://www.youtube.com/watch?v=d1wDgAdqqp0>. (Қаралған күні: 08.10.2022).

Информбюро. 31-канал. Эфир: 07.10.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=JBxFvfOBgNo>. (Қаралған күні: 10.10.2022).

Информбюро. <https://inburo.kz/> (Қаралған күні: 06.10.2022).

Inbusiness.kz. <https://inbusiness.kz/> (Қаралған күні: 04.10.2022).

Құрманбаева А. Жаһандық визуализация санатындағы журналистік шеберліктің мүмкіндіктері мен әдістері. «Ұлттық журналистика: зерттеу және білім беру мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясы жинағы. 29-қазан 2020 ж. – 23 б.

Қалиаждарова Ш. Тележаңалық: тәжірибе. Оқу құралы. – Алматы: ХАТУ. 2022. – 83 б.

«Qazaqstan» ұлттық арнасы. <https://qazaqstan.tv/>. (Қаралған күні: 12.10.2022).



REFERENCES

- Aibat. 7-arna. Efir: 04.10.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=CsfQPsJXmuA>. (Karalğan kuni: 10.10.2022).
- Atameken biznes arnasy. <https://inbusiness.kz/kz/tv>. Karalğan kuni: 12.10.2022).
- Infornburo. 31-kanal. «Kazahstanski millioner okazalsya v centre gromkogo skandala v Anglii» [The Kazakh millionaire found himself in the center of a loud scandal in England]. Efir: 21.09.2020. <https://www.youtube.com/watch?v=d1wDgAdqqp0>. (Karalğan kuni: 08.10.2022).
- Infornburo. 31-kanal. Efir: 07.10.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=JBxFvfOBgNo>. (Karalğan kuni: 10.10.2022).
- Inbusiness.kz. <https://inbusiness.kz/> (Karalğan kuni: 04.10.2022).
- Infornburo. <https://infornburo.kz/> (Karalğan kuni: 06.10.2022).
- 58 % kazahstancev doveryayut televideniyu kak istochniku informacii. Vypusk Infornburo. 31 kanal [58 % of Kazakhstanis trust television as a source of information] Efir: 28.06.2022. <https://www.youtube.com/watch?v=B7fqcT2Nk48> (Karalğan kuni: 04.10.2022).
- Kurmanbaeva A. Zhahandyk vizualizaciya sanatyndagy zhurnalistik sheberliktin mumkindikteri men adisteri [Opportunities and methods of journalistic skill in the category of global visualization]. «Ultyk zhurnalistika: zertteu zhane bilim beru maseleleri» aty halykaralyk gylymi-tazhiribelik onlain-konferenciya zhinagi. 29 qazan 2020 zh. – 23 p.
- Kaliazhdarova Sh. Telezhanalyk: tazhiribe. Oku kuraly. [TV novelty: experience. study guide]. – Almaty: HATU. 2022. – 83 p.
- «Qazaqstan» ultyk arnasy. <https://qazaqstan.tv/>. (Karalğan kuni: 12.10.2022).



**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖУРНАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖУРНАЛ ИНФОРМАЦИОННЫХ И
КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ**

**INTERNATIONAL JOURNAL OF INFORMATION AND
COMMUNICATION TECHNOLOGIES**

Правила оформления статьи для публикации в журнале на сайте:

<https://journal.iitu.edu.kz>

ISSN 2708–2032 (print)

ISSN 2708–2040 (online)

Собственник: АО «Международный университет информационных технологий» (Казахстан, Алматы)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Ералы Диана Русланқызы

КОМПЬЮТЕРНАЯ ВЕРСТКА

Жадыранова Гульнур Даутбековна

Подписано в печать 15.03.2023.

Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф. 7,0 п.л. Тираж 100
050040 г. Алматы, ул. Манаса 34/1, каб. 709, тел: +7 (727) 244-51-09.